

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Угар ауылдық округінің әкімінің 2024 жылғы 14 маусымдағы № 1 шешімі. Жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Угар ауылдық округінің әкімінің 2024 жылғы 26 тамыздағы № 2 шешімімен

Ескерту. Жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Угар ауылдық округінің әкімінің 26.08.2024 № 2 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1 бабының 7 тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарқаралы аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2024 жылғы 12 маусымдағы №15-4-1/312 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. "Жылқы ринопневмония" ауруының шығуына байланысты Қарқаралы ауданы, Угар ауылдық округі, Ақбұлақ елді мекенінде орналасқан "Бірлік" шаруа қожалығының жайылымы аумағына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Угар ауылдық округінің әкімі

Ж. Акимов